

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ**

Астана қаласы

2014 ж. 13-22 қаңтар

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін «Қосымша білім берудің музыка бағытында (этносольфеджио) балалардың әлеуметтік-тұлғалық дамуын ұйымдастырудың заманауи жолдары» тақырыбындағы республикалық біліктілікті арттыру курстарын 2014 жылғы 13-22 қаңтарда Астана қаласындағы №1 Балалар музыка мектебінде өткізілді.

Курсқа республиканың барлық өңірлерінен музыка мектептерінің қосымша білім беру педагогтері қатысты. Оқыту барысында тыңдаушылар музыкалық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдары жұмысының практикалық тәжірибесімен танысты, сонымен қатар курс соңында тыңдаушылардың өзіндік жұмысы және жобаларды қорғау ұйымдастырылды.

Оқу бағдарламасының нормативтік құқықтық, психологиялық-педагогикалық, теориялық-технологиялық және тәжірибеге бағдарлау модульдерінің тақырыптарының мазмұнын Қазақ ұлттық өнер университетінің профессорлары мен оқытушылары ашты.

Музыкалық бағыттағы қосымша білім беру саласындағы педагог-музыканттардың өзекті тақырыптар және инновациялық технологиялармен жұмыс жасау бойынша кәсіби білімін жаңарту және кеңейту, сонымен қатар өздігінен білім алу мазмұнын анықтау, жеке педагогикалық тәжірибенің рефлексиясы мен оны жетілдірудегі ықпал ету мақсаттары орындалды.

